

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі
“БВ01101 - Педагогика және психология” білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
Жас ерекшелік педагогикасы және психология [67228]	6	15	30	-	5	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
<i>Оффлайн</i>	Б/ТК	Шолу дәрісі, ақпарат дәрісі, проблемалық дәріс, визуалдау, бинарлы, дәріс-диалог	проблемалық, бағдарлық, пікірталас, мәселелік семинар	Оффлайн, жазбаша		
Дәріскер (лер)	Нурғалиева Д.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы					
e-mail:	nurdolores@mail.ru					
Телефоны:	+7(702)7675044					
Ассистент (тер)	Мурзагулова Мейрамгуль Дауренбековна					
e-mail:	Miraulan70gmail.com					
Телефоны:	+77077447159					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
оқу-тәрбие процесінің субъектісі ретінде адамның психикалық дамуының заңдылықтары және олардың әртүрлі жас кезеңдеріндегі көріну ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер: психиканың даму заңдылықтарын, қозғаушы күштері мен механизмдерін түсіндіре алады; оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарына талдау жасау; мектеп оқушыларының мінез-құлқы мен іс-әрекетінің жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық ықпал студі ұйымдастыру; мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін білу	ОН 1: Жас ерекшелік педагогикасы және психологиясының теориялық негізін және қазіргі ғылымдар жүйесінде даму психологиясының алатын орны, пәні мен ерекшеліктерін түсіндіру.			ЖИ 1.1 Даму психологиясы ғылымдарының құрылымын және оның басқа ғылымдармен байланысын, зерттеу әдістерін, мүмкіндіктері мен шектеуліктерін жүйелі негізде біледі. ЖИ 1.2 қазіргі психологиядағы адам туралы жүйелік түсініктерін меңгереді.		
	ОН 2: Тұлғаның даму теорияларын зерттеу негізінде психикалық дамудың заңдылықтары туралы теориялық білімдерін қалыптастыру.			ЖИ 2.1 жас кезеңдеріндегі тұлғалардың психикалық дамуларындағы индивидуалды айырмашылықтарын түсінеді. ЖИ 2.2 жас сатыларындағы психикалық және физикалық даму ерекшеліктерінің арасындағы өзара байланысын анықтай алады.		
	ОН 3: Психологиядағы жас периодизациясы мәселесі және балалар психологиясының қалыптасуы негізінде тұлғаның «психологиялық портретін» түсіндіру және сараптау;			ЖИ 3.1 бала психологиясының дамуындағы негізгі бағыттарды зерттеген		

негізінде педагогикалық іс-әрекетті модельдеу.		психологиялық теорияларды игереді. ЖИ 3.2 әр түрлі жағдайларда зерттеудің әлеуметтік-психологиялық әдістері мен әсер ету тәсілдерін қолдана алады.
	4.ОН: Бала психологиясының дамуындағы биогенетикалық және социогенетикалық бағыттарын зерттеу үшін психодиагностикалық әдістерді қолдану;	ЖИ 4.1 – психологиялық денсаулықтың тұлғалық дамуындағы рөлін анықтайды. ЖИ 4.2 биогенетикалық және социогенетикалық бағыттарының өзара байланысын талдайды, биогенетикалық және социогенетикалық бағыттарын зерттейтін психодиагностикалық әдістердің тиімділігін ажыратады.
	ОН5 Тұлғааралық қарым-қатынастың жастық ерекшеліктерін талдау арқылы картаюдың биологиялық, әлеуметтік критериялары мен факторларын психотехнологияларды пайдалану модельдеріне психологиялық бағдарлама құрастыру;теориялық білімді практикада пайдалану.	ЖИ 5.1 – тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы негізінде психотехнологияларды игереді. ЖИ 5.4 психологиялық білімдерді практикада қолдануда өз ойын, әрекетін басқару және тапсырмаларды орындауда зерттеушілік дағдыларын меңгереді
Пререквизиттер	Оқушылардың даму физиологиясы	
Постреквизиттер	Когнитивті психология және педагогика	
Оқу ресурстары	<p>Әдебиет: негізгі, қосымша.</p> <p>Әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жарықбаев, Қ. Жантануға кіріспе. - Алматы: "ИНФОРМ - АРНА", 2019.- 187. 2.Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. -Алматы, «Қазақ университеті», 2014. – 220с. 3. Жубаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. – Алматы: МОН, 2015.-210 б. 4. А.М.Руденко, С.И.Самыгин. Возрастная психология и педагогика, семейведение. Учебник.-Москва: КНОРУС, 2024.-316с. 5. Склярова, Т. В. Общая, возрастная и педагогическая психология : учебник и практикум для вузов / Москва : Юрайт, 2021. – 235 с. – (Высшее образование). – URL: https://urait.ru/bcode/475285. – ISBN 978-5-534- 10002-0. 6 Авдулова, Т. П. Психология подросткового возраста : учебник и практикум для вузов / Т. П. Авдулова. – Москва : Юрайт, 2021. – 394 с. – (Высшее образование). – URL: https://urait.ru/bcode/469204. 7.Фархитдинова, О. М. Психология и педагогика : учебное пособие для СПО / О. М. Фархитдинова ; под ред. Е. В. Ивановой. — 2-е изд. — Саратов, Екатеринбург.-ЭБС «IPRbooks» (ЭОР), 2019 <p>Интернет-ресурстар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru 2. http://www.flogiston.ru 3. CyberBear (http://cvverbear.umt.edu) 	
Пәннің академиялық саясаты	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айкындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде,</p>	

студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау балдардың жоғалуына әкеледі.

Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, (87027675044) арқылы ала алады /nurdolores@mail.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.

МООС интеграциясы (massive openonline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау балдардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі				Бағалау әдістері
Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	<p>Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p>Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>
A	4,0	95-100	Өте жақсы	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	
B	3,0	80-84		<p>Формативті және жиынтық бағалау % мәндегі баллар Оқытушы өзінің</p>

				Оқытушы бағалаудың өз түрлерін енгізеді немесе ұсынылған нұсқаны қолданады	балдарға бөлуін күнтізбеге (кестеге) сәйкес пункттерге енгізеді. <u>Емтихан және пән бойынша қорытынды балл өзгермейді.</u>
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік	5
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы	25
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі	10
D+	1,33	55-59		Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D	1,0	50-54		ЖИЫНТЫҒЫ	100
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз		
F	0	0-24			

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
1-МОДУЛЬ. Адам жас кезеңінің теориялық және әдіснамалық негіздері			
1	1-Д. Жасерекшелік педагогика және психология пәні, мақсаты, міндеттері <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> кіріспе-дәріс (әңгімелеу, эвристикалық, ғылыми зерттеу әдісі, слайд, бейнебаяндар).	1	
	1-СС. Қазіргі жас ерекшелік психологиясының мәселелері. Жас дамуының кезеңділігі. Бала мінез-құлқы мен психикасының эволюциялық, революциялық және ситуациялық жастық өзгерістері. Жас ерекшелік психологиясының теориялық және практикалық міндеттері. Қазіргі жас ерекшелік психологиясының мәселелері. Жас ерекшелік психологиясының негізгі категориялары (жас, периодизация, даму және т.б.) Жас ерекшелік педагогика және психологиясының әдістері және олардың сипаты (бақылау, эксперимент, диагностикалық әдіс, егіздер әдісі, лонгитюдтік әдіс, көлденең кесу). Жас ерекшелік психологиясының негізгі категориялары (жас, периодизация, даму және т.б.) <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> семинар (талқылау, ауызша шағын хабарлама, презентация, конспектінi тексеру)	2	
2	2-Д. Тұлғаның даму теориялары. Психикалық дамудың заңдылықтары <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-презентация (әңгімелеу, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).	1	
	2-СС. Бала психологиясының дамуындағы негізгі бағыттары Адамның психикалық дамуының жас психологиясы, қозғаушы күштері, шарттары мен заңдылықтарын анықтау.. “Балалық шақ” ұғымына тарихи талдау (Ф. Арьес, П. П. Блонский, А.С. Выготская, Д. Б. Эльконин және т. б.). психологиялық және хронологиялық жас. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> семинар-пікірталас (салыстырмалы талдау, шағын хабарлама)	2	
3	3-Д. Балалық шақтағы психикалық дамуды периодизациялау мәселесі Жастық даму мәселесінің негізгі аспектілері. Жас периодизациясының теориялары (Э. Эриксон, З. Фрейд, Дж. Пиаже, Л. С. Выготский, Д. Б. Эльконин, т.б.) <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).	1	
	3-СС. Балалардың психикалық процестерін қалыптастыру стратегиясы Баланың дамуын зерттеу стратегиялары:Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи концепциясы ”Жас дамуының элеуметтік жағдайы” ұғымдары. Баланың психикалық дамуындағы дағдарыстардың мәнін түсіну. Жетекші іс-әрекет түсінігі. Жетекші іс -әрекет және жастағы негізгі психологиялық жаңа құрылулар. Онтогенездегі жетекші іс -әрекеттердің ауысуы. Жас кезеңдері және бала дамуының дәуірлері. Шетелдік периодизация теорияларына сынды талдау (А.Гезелл,С.Холл,К.Бюлер, Ш.Бюлер, Ж.Пиаже). Қазақстан халықтарындағы ересек адамның индивидуалды даму периодизациясының өзіндік мәселелері. Қазақша жас атаулары (қыз, ер бала) <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестіріме материал, бейнеролик)	2	8
	1-БӨЖ. Даму психологиясы мен жас ерекшелік психологиясының тарихи қалыптасуы.		15

	Негізгі ұғымдарға сипаттама жазу: биогенетикалық заң, С.Холлдың рекапитуляция концепциясы, IQ шкаласы, биогенетикалық заң, Гезелл айнасы, ассимиляция, аккомодация, конвергенция. Қазақстан халықтарындағы ересек адамның индивидуалды даму периодизациясының өзіндік мәселелері. Өзіндік ерекшеліктерін, ұқсас жақтарына талдау жасаңыз		
4	4-Д. Тұлғаның онтогенездегі психикалық дамуы мен қалыптасуы. Бала психологиясының дамуындағы биогенетикалық және социогенетикалық бағыттары <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пікірталас (репродуктивтік, эвристикалық, ғылыми-ізденістік әдістер).</i>	1	
	4-СС. Психика мен мінез-құлықтың туа берілетін формалары. Нәрестенің рефлекторлы, генетикалық шарттанған қимылдары. Өмірге келгеннен кейінгі негізгі сезім органдарының – көру, есту, сипап сезу, қозғалыс анализаторларының, дәм рецепторларының автоматты түрде қосылуы. Нәрестелік кезеңдегі бала миының қызмет етуінің анатомиялық-физиологиялық сипаты. Баланың қозғалыс белсенділігі. Нәрестелік шақтағы қабылдау мен есте процестерінің ерекшеліктері. Нәрестелік шақтағы сөйлеу мен ойлау ерекшеліктері. Психика мен мінез-құлықтың туа берілетін формалары. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-пікірталас (салыстырмалы талдау, шағын хабарлама, баяндама, талдау және жинақтау).</i>	2	9
2 МОДУЛЬ. Тұлғаның онтогенездегі психикалық дамуы мен қалыптасуы			
5	Д-5. Сәбилік кезеңнің психологиялық-педагогикалық сипаты. Нәрестелік кезең (0-1 жас). Нәрестелердің қабылдау мен ес, сөйлеу және ойлау процестерінің дамуы. Нәрестелік кезең. Пренаталды даму, «жадырау» комплексі. Рекапитуляция концепциясы (Ст. Холл). Рекапитуляция теориясын сынау (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн). <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-презентация (әңгімелеу, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).</i>	1	
	5-СС. Өртүрлі жас сатыларындағы психикалық және физикалық даму ерекшеліктері Жадырау комплексі. Есту анализаторының дамуы. Нәрестенің адам дауысына реакциясы. Нәрестенің алғашқы айлардағы есте сақтауы. Қолдың манипуляциялық қимылдарының жетілуі. Ж. Пиаже бойынша нәрестелердің сенсомоторлы әрекет етудің даму сатыларының классификациясы. Бір жасқа дейінгі сөйлеу мен ойлаудың тәуелсіз дамуы. Еліктеу және сөзді тусіну. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (талдау, ауызша хабарлама, баяндама, сауалнама құрастыру)</i>	2	8
	2-БӨЖ Баланың психикалық дамуы үшін сенсорлық процестерді мақсатты сәйкесті қалыптастырудың мәні (А.В.Запорожец, В.П.Зинченко, Л.А.Венгер). Шетелдік психологиялық концепциялардағы психикалық даму мәселелері. Рекапитуляция ұғымы (С.Холл, Д.Болдуин). <i>Зерттеу нәтижелерін кесте және мақала түрінде ұсыныңыз.</i>		15
6	6-Д. Ерте балалық шақтың (1-3 жас) психологиялық-педагогикалық сипаты. Ерте жастағы балалардың психикалық дамуының жас ерекшеліктері. 2. Оқыту және тәрбиелеу міндеттері. Л.С.Выготский бойынша 3 жас дағдарысының сипаттамасы. Бала дамуындағы орта мен үйрету мәселесі. Классикалық ассоцианизм (Дж. Локк, Д. Гартли). Үйрену мен даму заңдары. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i>	1	
	6-СС. Генетикалық және конвергенция теориясы. Л.С.Выготскийдің жоғарғы психикалық функцияларды дамыту теориясы. Генетикалық және конвергенция теориясы. Л.С.Выготскийдің жоғарғы психикалық функцияларды дамыту теориясы. “Ұлттық мінез” ұғымы. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (дөңгелек үстел, әңгімелесу, баяндама, қысқаша анықтама, презентация).</i>	2	8
7	7-Д. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық дамуының жас ерекшеліктері. Оқыту және тәрбиелеу міндеттері. Жеті жастағы дағдарыс ұғымы. В. Штерннің екі фактордың конвергенциясы теориясы. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i>	1	
	7-СС. Шетелдік психологиялық концепциялардағы психикалық даму мәселелері. Рекапитуляция ұғымы (С.Холл, Д.Болдуин). Іс -әрекеттің әр түрлі формаларының және мектепке дейінгілердің ересектермен, құрбыларымен қарым қатынас формаларының даму ерекшеліктері. Мектепке дейінгілердегі психикалық процестердің дамуының негізгі заңдылықтары. Баланың психикалық дамуы үшін сенсорлық процестерді мақсатты сәйкесті қалыптастырудың мәні (А.В.Запорожец, В.П.Зинченко, Л.А.Венгер).	2	8

	<i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (ауызша хабарлама, баяндама, презентация)</i>		
	3-БӨЖ Мектепке дейінгі балалардың танымдық процестерінің дамуы. Бала дамуындағы ойынның рөлі (Штерн, Адлер, Д.Эльконин).Сөздік және грамматикалық сөздің дамуы; сөз функцияларының дамуы. Эмоция-ерік сферасының дамуы. Мінездің, қабылеттердің қалыптасуы. Баланы мектептегі жүйелі оқытуға дайындау (Е.Е.Кравцова). Дайындық түрлері, олардың сипаттамалары. Анна Фрейдтің биографиясы мен ғылыми еңбектері		20
8	8-Д. Бастауыш мектеп жасындағы баланың ақыл-ойы мен мінез-құлқының дамуы. Баланың мектепке дайындығы. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психикалық дамуының жас ерекшеліктері. Оқу іс-әрекетінің жалпы сипаттамасы. Мұғалімнің осы жастағы балалармен қарым-қатынас стилі <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).</i>	1	
	8-СС. Мектепке келудің алғашқы кездерінде кездесетін қиындықтар. Баланың мектепке оңай бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық тәсілдері. 1. Оқу іс әрекеті кіші мектептегілердің жетекші іс әрекеті ретінде. Оқу іс әрекетінің жалпы құрылымы, қалыптастыру заңдылықтары. Мектептегі алғашқы теориялық ойлаудың қалыптасуы (Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов). 2. Ақыл -ой әрекеті мен ұғымдарды сатылап қалыптастыру (П.Я.Гальперин). Бастауыш мектеп жасындағы баланың психикалық процестерінің дамуының негізгі заңдылықтары. Сөз қоры, сөзді ұғыну мәселесі, оның элементтері, формалары, оқытудың әртүрлі вариантындағы функциялары (Д.Б.Эльконин, А.К.Маркова, С.Н.Карпова). <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-пікірталас (ауызша хабарлама, презентация, рефератты қорғау)</i>	2	9
Аралық бақылау 1			100
9	9-Д. Жеткіншек кезеңнің сипаттамасы (11-12; 14-15 жж). Жеткіншек жастағы жетекші іс әрекет. Құрбылар ұжымы және ондағы өзара әрекет қоғамның ересек мүшелерінің қатынастарын модельдеуі ретінде. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).</i>	1	
	9-СС. Жеткіншек кезеңге өтудің анатомиялық-физиологиялық және психологиялық алғы шарттары. Жеткіншек кезеңдегі темперамент типтері мен нерв жүйесінің ерекшеліктері. Жеткіншек кезеңдегі мінез-құлық акцентуациясы. Жеткіншектердің оқу әрекетінің жалпы сипаттамасы. Жеткіншектердің кәсіби білімдері мен дағдыларын дамыту. Жеткіншектердің ата-аналармен және мұғалімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері. Жеткіншектердің девиантты және деликвентті мінез-құлығы. Конфликт мәселесі. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-пікірталас (аналитикалық есеп, қысқаша анықтама, презентация)</i>	2	7
	4-БӨЖ Жеткіншек жас кезеңінің қысқаша сипаттамасын жасаңыз; зерттеуге мүмкіндік беретін әдістерді таңдаңыз: олардың танымдық саласы; мінез акцентуациясы; темперамент түрі; қарым-қатынасы, топпен (сыныппен) қарым-қатынасы; қызығушылықтары (<i>индивидуалды жоба қорғау</i>)		15
10	10-Д. Ерте жастық шақ психологиясы. Ерте жастық шақтың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы (14-15 - тен 18 жасқа дейін). Жоғары сынып оқушыларын оқыту ерекшеліктері. Жас кезіндегі кәсіби өзін-өзі анықтау. Жасөспірімдердің құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынасының дифференциясы. Өзін-өзі бағалауы және жеке басы, эмоциялары мен сезімдері. Жетекші іс-әрекет мәселесі. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: интерактивті дәріс (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, ғылыми-іздену әдістері).</i>	1	
	10-СС. Ерте жастық шақтың психологиялық-педагогикалық сипаты және ерекшеліктері.И.П. Павлов пен Гиппократ бойынша темперамент және нерв жүйесінің типтері. Н.И. Красногорский бойынша темперамент сипаттамалары. Меланхолик, сангвиник, флегматик, холерик типтерінің сипаттамалары. Жасөспірім кезеңдегі мінездің акцентуациясы. Гипертимді, циклоидты, лабилді,астено-невротикалық, сенситивті, психоастеникалық, шизоидты, эпилептоидты, истероидты, тұрақсыз, конформды типтердің сипаттамасы, оларды анықтау. Ерте жастық шақ кезеңіндегі ұлдар мен қыздар еліктейтін тұлғалық қасиеттер.Э. Шпрангер, Э.Эриксон, Джейм Марш және т.б. теориялары.Ерте жастық шақтағы махаббат. Эмоциялық ерекшеліктері. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик)</i>	2	7

11	<p>Д. Тәрбиенің психологиялық негіздері. Тәрбие тұлғаны қалыптастырудың негізгі процесі ретінде. Тәрбиенің әдістері мен құралдары. Тәрбиенің үлгілері. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> интерактивті дәріс (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, ғылыми-іздену әдістері).</p>	1	
	<p>11-СС. Әр жас аралығындағы тәрбие психологиясы. Қарым-қатынас және оның тәрбиедегі рөлі. Ұжым және тұлғаның дамуы. Тәрбиедегі отбасының рөлі. Оқыту мен тәрбиелеуде баланың мінезін қалыптастыру. Нәрестелік, ерте балалық, мектепке дейінгі, бастауыш мектеп, жасөспірім және ерте жастық шақ кезеңдеріндегі тұлғааралық қарым-қатынастардың ерекшеліктері. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> семинар (тәрбие жоба құрастыру, презентация қорғау)</p>	2	7
	<p>БӨЖ 5 «Жас дағдарысы кезінде баланы тәрбиелеу» тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес (әңгімелесу, лекция, ақпараттық парақ) дайындаңыз.</p>		15
12	<p>12-Д. Оқытудың психологиялық негіздері Оқу әрекеті және оның ерекшеліктері. Сабақты талдау оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-саяхат (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, проблемалық зерттеу әдістері).</p>	1	
	<p>12-СС. Оқу және оқыту іс-әрекетіндегі тұлғаның дамуы. Балалардың психологиялық денсаулығының бұзылуының алдын алу. Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи концепциясы. "Жас дамуының әлеуметтік жағдайы" ұғымдары. Л.В. Занков теориясына негізделген оқыту. В. В. Давыдовтың дамыта оқыту теориясы. Проблемалық оқыту. Бағдарламаланған оқыту. Модульдік оқыту. Сабақты жүргізудің психологиялық жағдайы, сабақты талдау. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> семинар-пікірталас (бағалау сұрақтарын талдау, хабарлама, белсенді үлестірме материал)</p>	2	7
13	<p>13-Д. Қазіргі білім беру технологиялары. Педагогикалық білім беру жүйелері: түсінігі, сапасы, білім беру технологияларының жіктелуі. Ұсынылған білім беру түрлерін салыстырмалы талдау. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, проблемалық, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдістері).</p>	1	
	<p>13-СС. "Білім беру технологиялары" және "педагогикалық технология". Оқу жүйелерінің салыстырмалы кестесін құрастыру. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі жеке - жеке көзқарас тұрғысынан олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау және оқытудың әр түріне тән сипаттамалық инновацияларды анықтау. Сабақтың мазмұмның құрастыру. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> семинар (талдау және жинақтау, шағын хабарлама, аналитикалық есеп)</p>	2	7
14	<p>14-Д. Кемелдену жасы. Кемелденуге өтудің жалпы шарттары. Кемелдену кезеңінің әлеуметтік мәні. "Акме" және акмеология ұғымы. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, ғылыми зерттеу әдістері).</p>	1	
	<p>14-СС. Ересектердің даму заңдылықтары. Кемелдену жасының периодизациясы. "Акме" және акмеология ұғымы. Ересектердің даму заңдылықтары. Кемелдену жасының дағдарысы. Қоғамдық пайдалы еңбек жетекші іс- әрекет ретінде. Кәсіби және қоғамдық іс әрекет. Ересектердің танымдық қызығулары. Ересек адамның жеке басы. Әлеуметтік белсенділік. Құнды бағдарлану, дүниетаным мәндері. Ересектердің жас дағдарыстарының ерекшеліктері. Есею және өмірлік мағына мәселесі <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> семинар (шағын хабарлама, іс-шара жоспары, баяндама, жазбаша жұмыс)</p>	2	7
	<p>6-БӨЖ. Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелері: (ғылыми және шығармашылық қабілеттері, саяси және ұйымдастырушылық қабілеттері, әскери қабілеттері, даналық пен рухани қабілеттері): Әбу Насыр әл-Фараби –Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Лев Толстой, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы және т.б. жайында подкаст жасаңыз.</p>		20
15	<p>15-Д. Қартаюу кезеңінің психологиялық сипаттамасы. Герантопсихология. Қартаюу кезеңінің психологиялық сипаттамасы. Қартаюудың биологиялық, әлеуметтік критериялары мен факторлары. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық әдіс).</p>	1	
	<p>15-СС. Ұзақ жасау мәселесі. Қарт адамдардың жаңа психологиялық құрылымдары. Қартаюу жасындағы қарым-қатынас. Қартаюудағы жеке адам мәселесі.</p>	2	8

	<i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> семинар (дөңгелек үстел, -әңгімелесу, баяндама, қысқаша анықтама, презентация).	
Аралық бақылау 2		100
Қорытынды бақылау (емтихан)		100
Пән үшін жиынтығы		100

Декан _____ **Б.Б.Меирбаев**

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы _____ **А.Б. Альчимбаева**

Кафедра меңгерушісі _____ **Н.С.Әлқожаева**

Дәріскер _____ **Д.А. Нурғалиева**

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

1-БӨЖ. Даму психологиясы мен жас ерекшелік психологиясының тарихи қалыптасуы.

Негізгі ұғымдарға сипаттама жазу: биогенетикалық заң, С.Холлдың рекапитуляция концепциясы, IQ шкаласы, биогенетикалық заң, Гезелл айнасы, ассимиляция, аккомодация, конвергенция.

Қазақстан халықтарындағы ересек адамның индивидуалды даму периодизациясының өзіндік мәселелері. Өзіндік ерекшеліктерін, ұқсас жақтарына талдау жасаңыз.

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы	«Жақсы» % макс. салмағы	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы
Бағалау критерийлері- Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысының логикалық құрылымының болуын, білім алушының өзінің позициясының болуын, оның ғылыми және мәселенің заманауи түсінігімен байланысын, дәлелдердің барабарлығын, презентация стилін, жұмыстың педагогикалық дизайнын ескеруі	Қойылған тапсырмаға сәйкес негізгі теорияларды, тұжырымдамаларды түсіну, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрастыра алуы және оны презентациялауы Негізгі ұғымдарды саналы түсінуі	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларға түсінуі жеткілікті деңгейде түсіну, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыруға қатысуы, оны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларды меңгеруі қанағаттанарлық деңгейде түсінуі, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыруға талпынысы, бағдарламаны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларға түсінуі жеткіліксіз, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыра алмайды және оны презентациялауы төмен

«2-БӨЖ Баланың психикалық дамуы үшін сенсорлық процестерді мақсатты сәйкесті қалыптастырудың мәні (А.В.Запорожец, В.П.Зинченко, Л.А.Венгер). Шетелдік психологиялық концепциялардағы психикалық даму мәселелері. Рекапитуляция ұғымы (С.Холл, Д.Болдуин). *Зерттеу нәтижелерін кесте және мақала түрінде ұсыныңыз. (АБ 100%-ның 25%)*

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
<p>ақпаратты дербес іздеу, іріктеу және жүйелеу, мәселені (проблеманы) ашу, білім алушыларды аудиторияны осы ақпаратпен таныстыру (ақпаратты ұсыну), оны талдау және жинақтау, ресімдеу, аудиторияның сұрақтарына мысалдармен толық жауаптар ескеріледі.</p>	<p>білім алушы мәселені (мәселені) толық ашқан, ақпаратты жүйеленген, дәйекті, логикалық, өзара байланысты, бірнеше кәсіби терминдерді қолданған, ақпараттық технологияларды кеңінен қолданған, ақпаратта қателіктер болмаған, тапсырманы мысалдармен толық жауап берген жағдайда қойылады Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).</p>	<p>білім алушы мәселені (проблеманы) ашса, ақпаратты жүйеленген, дәйекті, қисынды, өзара байланысты ұсынса, 2-ден астам кәсіби терминдерді қолданса, ақпараттық технологияларды жеткілікті түрде қолданса, материалды ұсынуда 2-ден аспайтын қателіктер жіберсе, ішінара толық жауап берілген жағдайда Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.</p>	<p>білім алушы мәселені (проблеманы) толық ашпаса, ақпаратты жүйеленбесе және толығымен дәйекті түрде ұсынбаса, 1-2 кәсіби терминді қолданса, ақпараттық технологияларды қолданса, материалды ұсынуда 3-4 қателік жіберсе, тапсырманың қарапайым сұрақтарының мазмұнына жауап бере алмаған жағдайда Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.</p>	<p>сұрақ ашылмаса, ұсынылған ақпарат логикалық тұрғыдан байланысты болмаса, кәсіби терминдер қолданылмаса, материалды ұсынуда 4-тен астам қателік жіберілген, тапсырманы толық аша алмаған жағдайда Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.</p>
<p>Жазу, APA style</p>	<p>Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады.</p>	<p>Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады.</p>	<p>Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.</p>	<p>Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.</p>

3-БӨЖ. Мектепке дейінгі балалардың танымдық процестерінің дамуы. Бала дамуындағы ойынның рөлі (Штерн, Адлер, Д.Эльконин).Сөздік және грамматикалық сөздің дамуы; сөз функцияларының дамуы. Эмоция-ерік сферасының дамуы. Мінездің, қабылдеттердің қалыптасуы. Баланы мектептегі жүйелі оқытуға дайындау (Е.Е.Кравцова). Дайындық түрлері, олардың сипаттамалары. Анна Фрейдтің биографиясы мен ғылыми еңбектерін талдаңыз.

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
<p>Тақырып бойынша:</p> <p>1) Бақылау сауалнамасының толық немесе жеткілікті ашылуы;</p> <p>2) Нақты атаулар мен анықтамаларды көрсету;</p> <p>3) ұғымдар мен категорияларды дұрыс тұжырымдау</p> <p>4) жауаптың дербестігі, өз жіктемелері мен біліктіліктерін енгізе және қолдана білу, қарастырылып отырған тақырып бойынша өз тұжырымдарын талдай және жасай білу (оқу және ғылыми әдебиеттерден алынған Қорытындыларды қайта таратуға жол беріледі);</p> <p>5) негізгі (және қосымша) әдебиеттерді және өзге де материалдарды пайдалану және т. б.</p>	<p>білім алушы оқу материалын терең игерген, оны дәйекті, анық және қисынды түрде баяндайды, берілген тақырып бойынша өзінің пайымдаулары мен ойларын көрсетеді, тиісті қорытынды жасайды; теорияны практикамен тығыз байланыстыра алады, тапсырмаларды, бақылау сауалнамаларын және білімді қолданудың басқа түрлерін еркін орындай алады, тапсырмаларды өзгерту кезінде жауап беруде қиындық туғызбайды, әртүрлі ғылыми дереккөздердің материалдарын келтіреді, қабылданған шешімді дұрыс негіздейді, тапсырманы орындаудың жан-жақты дағдылары мен әдістерін меңгереді, құзыреттіліктің қалыптасуының тиісті деңгейін көрсетеді.</p>	<p>Егер жауап тақырыпқа немесе тапсырмаға сәйкес келсе және ашса, оқу материалын білетіндігін көрсетсе, тапсырманы орындау кезінде елеулі дәлсіздіктерге жол бермей, оны сауатты және мәні бойынша баяндаса, тапсырманы орындау кезінде теориялық ережелерді дұрыс қолданса, оны орындау үшін қажетті дағдылар мен әдістерді меңгерсе, бірақ өз пікірін тұжырымдауда аз қиындықтарға тап болады, құзыреттердің қалыптасуының тиісті деңгейін көрсетеді.</p>	<p>білім алушы тақырыпты/тапсырманы толық ашса, білім алушы тек негізгі материалды біледі, бірақ оның егжей-тегжейін білмейді, дәлсіздіктерге, дұрыс тұжырымдауға, тапсырма бойынша оқу материалын ұсынудағы логикалық дәйектіліктің бұзылуына жол береді, берілген тақырып бойынша өзінің пайымдаулары мен ойлары үстірт сипатта болады.</p>	<p>тақырып ашылмаса, жауаптың мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді, білім алушының оқу материалының едәуір бөлігі бойынша білімі жоқ және қойылған тапсырмаға жауапты сауатты баяндай алмайды, тақырып бойынша өз пікірін айтпайды, елеулі қателіктер жібереді, жауап дәйексіз, дәлелді емес түрде құрылады. Құзырет қалыптаспаған.</p>
<p>Тұсаукесер, Топтық жұмыс</p>	<p>Өте жақсы, тартымды тұсаукесер, визуалды эффектілердің, слайдтардың, материалдардың тамаша сапасы, керемет топтық жұмыс.</p>	<p>Жақсы тартымдылық, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы, командалық жұмыстың жақсы деңгейі.</p>	<p>Тартымдылық деңгейінің қанағаттанарлығы, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың қанағаттанарлық сапасы, командалық жұмыстың қанағаттанарлық деңгейі.</p>	<p>Тартымдылық деңгейінің төмендігі, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың төмен сапасы, командалық жұмыстың төмен деңгейі.</p>

4-БӨЖ

Жеткіншек жас кезеңінің қысқаша сипаттамасын жасаңыз; зерттеуге мүмкіндік беретін әдістерді таңдаңыз: олардың танымдық саласы; мінез акцентуациясы; темперамент түрі; қарым-қатынасы, топпен (сыныппен) қарым-қатынасы; қызығушылықтары (*индивидуалды жоба қорғау*)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Жеткіншек жас кезеңінің қысқаша сипаттамасын талдау	Жеткіншек жас кезеңдерінің теориялық негіздерін толық меңгерген: зерттеудің заманауи әдістерін меңгерген, білімді өз бетінше толтыруға және жанартуға қабілетті, кәсіби бағытын түсінеді;пән әдіснамасы мен зерттеу әдістерін меңгерген, пәнаралық және пәнішілік байланыстар орнатқан;жауапты логикалық тұрғыдан дұрыс құра алады, қорытынды жасайды;	Жеткіншек жас кезеңдерінің теориялық негізгі ұғымдарын тұжырымдауда кішігірім дәлсіздіктерге жол береді; өзінің педагогикалық ұстанымын тұжырымдай алады;зерттеу әдістерін меңгерген, пәнаралық және пәнішілік байланыстар орнатқан;жауапты логикалық тұрғыдан дұрыс құра алады, қорытынды жасайды;	білім алушы теориялық ережелерді дұрыс тұжырымдауда белгілі бір қиындықтарға тап болады;мысалдарды, фактілерді келтіруде қиындықтар туындайды;практикалық тапсырмаларды орындау кезінде теориялық ережелерді қолдануда қиындықтар туындайды;жауаптың логикасында қателіктер жібереді, тұжырымдарды тұжырымдау қиынға соғады;	Берілген тапсырманың мазмұнын аша алмайды
Тұсаукесер, Топтық жұмыс	Өте жақсы, тартымды тұсаукесер, визуалды эффектілердің, слайдтардың, материалдардың тамаша сапасы, керемет топтық жұмыс.	Жақсы тартымдылық, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы, командалық жұмыстың жақсы деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің қанағаттанарлығы, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың қанағаттанарлық сапасы, командалық жұмыстың қанағаттанарлық деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің төмендігі, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың төмен сапасы, командалық жұмыстың төмен деңгейі.

БӨЖ 5

«Жас дағдарысы кезінде баланы тәрбиелеу» тақырыбына кеңес (әңгімелесу, лекция, ақпараттық парак) дайындау.

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Өзіндік білім алудың, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстардың теориялық негіздерін түсіну	Өздігінен білім алуды, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстардың теориялық негіздерін терең түсінеді	Өздігінен білім алу, ғылыми-зерттеу және ғылыми-эксперименттік жұмыстың негізгі теориялық негіздерін түсінеді	өздігінен білім алудың, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың теориялық негіздерін түсінудің шектеулі болуы	Өздігінен білім алу, зерттеу және эксперименттік жұмысты нашар меңгеруі
Жазу, АРА- стилі	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. АРА стилін қатаң ұстанады.	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен АРА стилді ұстанады.	Хатта кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. АРА стилінде қателер бар.	Жазуы түсініксіз, мазмұнын қадағалау қиын. АРА стилін орындауда көптеген қателер кездеседі.

6-БӨЖ.Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелері: (ғылыми және шығармашылық қабілеттері, саяси және ұйымдастырушылық қабілеттері, әскери қабілеттері, даналық пен рухани қабілеттері): Әбу Насыр әл-Фараби –Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Лев Толстой, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы және т.б. жайында подкаст жасаңыз

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Білім алушының ғылыми танымының қалыптасуы, теориялар мен тұжырымдамаларды түсінуі, хабардар болуы	Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелері туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен өте жақсы негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелері жайлы тұжырымдамаларын түсінуі. Аргументтер эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен расталады.	Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелері жайлы теориялары мен тұжырымдамаларын шектеулі түсінуі. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелері жайлы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/түсінбеушіліктің жоқтығы. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.

<p>Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар</p>	<p>Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелерін, ұрпақ тәрбиесінде сауатты және ұсыныстар ұсынады.</p>	<p>Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелерін, ұрпақ тәрбиесін нығайту жолында, практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады</p>	<p>Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелерін, ұрпақ тәрбиесіндегі ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.</p>	<p>Тарихта із қалдырған ұлы тұлғалардың жас ерекшелігіне қарамастан, өз еңбегімен, ұрпаққа қалдырған өнегелерін, ұрпақ тәрбиесіндегі практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.</p>
<p>Тұсаукесер, Топтық жұмыс</p>	<p>Өте жақсы, тартымды тұсаукесер, визуалды эффектілердің, слайдтардың, материалдардың тамаша сапасы, керемет топтық жұмыс.</p>	<p>Жақсы тартымдылық, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы, командалық жұмыстың жақсы деңгейі.</p>	<p>Тартымдылық деңгейінің қанағаттанарлығы, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың қанағаттанарлық сапасы, командалық жұмыстың қанағаттанарлық деңгейі.</p>	<p>Тартымдылық деңгейінің төмендігі, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың төмен сапасы, командалық жұмыстың төмен деңгейі.</p>